

**Көкшетау қаласында автотұрақтар (паркингтер) санаттарын белгілеу және автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық мөлшерлемелерін ұлғайту туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2017 жылғы 18 сәуірдегі № С-9/8 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 22 мамырда № 5957 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 20 наурыздағы № С-19/5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 20.03.2018 № С-19/5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 381 бабына, 386 бабының 3 тармағына, "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Көкшетау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Көкшетау қаласында автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін және автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық мөлшерлемелері 2 қосымшаға сәйкес ұлғайтылсын.

2. Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген басқа санаттағы жерлерге салықты есептеу кезінде, жерлеріне базалық мөлшерлемелер қолданылатын жақын жатқан елді мекен Көкшетау қаласы болып айқындалсын.

3. Көкшетау қалалық мәслихатының "Автотұрақтар (паркингтер) санатын белгілеу, автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жер учаскелеріне салынатын салық ставкаларын ұлғайтуы туралы" 2012 жылғы 3 қазандағы № С-11/7 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3484 тіркелген, 2012 жылғы 15 қарашада "Көкшетау" және "Степной Маяк" газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алтыншы шақырылған  
Көкшетау қалалық  
мәслихатының 9-шы кезекті  
сессиясының төрайымы

Р.Арыстанқызы

Алтыншы шақырылған  
Көкшетау қалалық  
мәслихатының хатшысы

Б.Ғайса

"КЕЛІСІЛДІ"

Көкшетау қаласының әкімі

Е.Маржықпаев

2017 жылғы "18" сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"

Ақмола облысы бойынша  
мемлекеттік кірістер  
департаментінің Көкшетау  
қаласы бойынша мемлекеттік  
кірістер басқармасының  
басшысы

Б.Каримов

2017 жылғы "18" сәуір

Көкшетау қалалық мәслихатының  
2017 жылғы 18 сәуірдегі  
№ С-9/8 шешіміне  
1 қосымша

### Автотұрақтар (паркингтер) санаттары

№ р/с	Автотұрақтардың (паркингтердің) түрлері	Санаттар
1	Ашық түрдегі автотұрақтар (паркингтер)	1 санат
2	Жабық түрдегі автотұрақтар (паркингтер)	2 санат

Көкшетау қалалық мәслихатының  
2017 жылғы 18 сәуірдегі  
№ С-9/8  
2 қосымша

### Көкшетау қаласында автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салынатын базалық мөлшерлемелер

№ р /с	Автотұрақтардың ( паркингтердің) санаттары	( Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салынатын базалық мөлшерлемелер	Базалық мөлшерлеменің ұлғаюы
1	1 санат	5,79	он есе
2	2 санат	5,79	он есе

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК